



МЕДИА ЭТИКА

Жас мамандардың тәжірибесінен

Медиа этика негіздеріне шолу,
философиялық теориялар



Дәрістің мақсаты: медиа этика негіздеріне шолу, философиялық теориялар туралы негізгі ұғымдарын түсіндіру, олардың қолданыстарын баяндау.

Дәрістің негізгі терминдері

Болмыс – болмыс философиядағы ең көне, дәстүрі мол, тарихы бай ұғымдардың бірі болып саналады. Ол «бол», «болу» сияқты түсініктердің баламасы. Бұл ұғым адамды қоршаған ортаны біртұтас бүтіндік деп тану қажеттігінен туындаған. Болмыстың негізгі түрлері: заттар (денелер; процестер болмысы; адам болмысы; рухани болмыс; әлеуметтік болмыс.

Гносеология – айналадағы әлемді тану туралы философиялық ғылым. Таным теориясы немесе гносеология (грекше gnosis – білім, таным) – адам танымының сипатын, білімінің формаларын, оның жадағай түрінен тереңіне бойлау әдістерін зерттейді. Гносеологиядағы орталық ұғымдарға «таным субъектісі» мен «таным объектісі», «білім», «таным» жатады.

Білім – адамның санасында берілген, өзінің қызметінде шынайы дүниенің заңды байланыстарын идеалды бейнелейтін объективті шындық. Материалды дүниені бейнелеудің нәтижесі, түйсіктің, білімнің, зауықтың, қобалжудың бірлігі болып табылатын және материямен ұштасатын санадан өзгешелігі – таным білім алу үдерісі болып табылады және ол тәжірибемен жанасады.

Әрекет – әлеуметтік мінез-құлықтың белгілі бір немесе бірнеше түрінің көрінісі; іс-әрекеттің немесе мінез-құлықтың түрі; әлеуметтік іс-әрекет процесіне қарағанда «орындалған әрекет».

Іс-әрекет – адамның дүниемен қарым-қатынас тәсілі. Іс-әрекет барысында адам табиғатты, қоршаған айналаны игеріп, шығармашылық тұрғыда өзгертеді. Сөйтіп, өзін іскер, жасампаз субъект ретінде қалыптастырады, ал өзі игерген табиғи ортаны іс-әрекет объектісі етеді.

Этика (грек. ethos – дағды, әдет-ғұрып) – зерттеу нысаны мораль, адамның мінез-құлқы болып табылатын ежелгі теориялық пәндердің бірі. Термин айрықша зерттеу пәні ретінде өз бастауын Аристотель еңбектерінен алады. «Этизм» термині Аристотельдің ар-ождан мәселесіне арналған үш шығармасының («Никомах этикасы», «Евдем этикасы», «Үлкен этика») атауына кірген. Этика үш бөліктен тұрады: теориялық этика; нормативті этика; эмпириялық этика.

Теориялық этика – этиканың негізгі ұғымдарын, оның зерттеу пәнін, ғылым ретінде даму тарихын зерттейді.

Нормативті этика – негізгі этикалық категорияларды: мейірімділік пен қатыгездік, ізгілік пен жауыздық, ар-ұждан, ұят, абырой, парыз және т.б. қарастырады.

Эмпириялық этика – белгілі бір кезеңдердегі адамзат ұйымдарының нақты адамгершілік келбеті туралы түсінік береді.

Метаэтика – мораль тілінің мәнін саралайды. «Адамдар қолданатын сөздер не мағына береді?» деген сауалға жауап береді.

Дәрісте қамтылған оқиғалардың барлығы бұқаралық медиада, көпшілікпен байланыс саласында, жарнама, мерзімді басылым мен радиода және онлайн журналистикада жас мамандардың басынан өткен. Бұл оқиғалардың кейіпкерлері (жас мамандар) таңдау жасауда көбіне-көп тығырыққа тіреледі. Кейбірінде дереккөз өзінің айтқан ақпаратын жарияламауды сұраса, енді бірінде басшының жарнама материалына байланысты қулық әрекеттері әшкереленеді. Одан басқа сандық (digital) технологиялар заманының өзгерістері де қамтылды. Мысалы, кейбір бөлімдер «Басқа адамның атынан интернетте отыру дұрыс па?», «Веб-архивтен дереккөздің өтініші бойынша материалды өшіруге бола ма?» деген секілді сауалдарға жауап береді. Осы күнге дейін бәсекеге қабілетті ортадағы жас мамандардың этикалық қателіктері туралы көп жазылды. Аты шулы істердің ішінен The New York Times-тің бұрынғы қызметкері Джейсон Блэр, The New Republic басылымының бұрынғы тілшісі Стивен Гласс, The Washington Post қызметкері болған Джанет Кук туралы оқиғаларды атап өтуге болады.

Ли Энн Пек «Бұл жерде бір шикілік бар», – сіздің ойыңызға келген бірінші тұжырым осы болды. Сіз ұжымға жаңадан келген, әрі кеңседегі ең жас маман болсаңыз да, жобадағы кейбір мәселелердің этикаға сай келмейтінін сезіп тұрсыз. Не істеу керек? Кіммен сөйлескен жөн? Біріншіден, алаңдаудың қажеті жоқ. Сіз жалғыз емессіз. Сіздің әріптестеріңіз, басқа



кәсіби ұйымдар мен кодекстер, сонымен қатар қолдануға болатын этикалық теориялар бар. Этикалық теориялар мен қажетті құралдарды бүгіннен бастап үйрену болашақта болуы мүмкін этикалық дилеммаларды шешуге көмектесе алады. Сонымен қатар тек интуицияға сеніп шешім қабылдауыңыз мүмкін. Ал оқиғалар мен дилеммалар арқылы үйрену шешім қабылдағанда сенімді болуға, әрі өзіңізді жайсыз сезінбеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ осындай оқиғаға тап болған басқа адамдарды да түсіне бастайсыз. Студенттер осы бөлімдегі батыс философтарының теорияларын қолдана алады. Сондай-ақ осы бөлімдегі әр философың теориясында медиа мамандар бетпе-бет келген қиындықтарды жеңіп шығуға көмектесетін, оны қолдана алатын оқиғалар мысалдары да берілген.

Медиа мамандарға арналған кодекстер

Көп жылдар бойы Louisville-Courier Journal атты танымал журналдың бас редакторы болған Генри Уоттерсон (Henry Watterson, 1840–1921) XIX ғасырдың соңында журналистерге арналған этика кодекстерінің жоқ екенін, «моральдық бағыттардың» айқын емес екенін айтып шағымданған. Журналистика сауда құралы емес, мамандыққа айналған қазіргі таңда осы салада қызмет ететіндердің барлығы сынға ұшырауда. XX ғасырдың басында қоғаммен байланыс орталықтары, радио, жарнама салалары, баспасөз агенттіктері де (қоғаммен байланыс саласы) «мораль» тұрғысынан қатаң бақылауда болды.

Медиа этика кодекстері – ереже немесе заң емес, ол методикалық ұсыныстар. Себебі медиа мамандар дәрігерлер мен заңгерлер секілді лицензия алмайды, этика кодекстерін бұзғаны үшін лицензиясынан айырылмайды. Әуелі, этика кодексін бұзу адамдарға зиян келтіріп, мамандықтың беделін түсіреді. Медиа нормаларын түсіну үшін Этика кодекстері таптырмайтын құрал бола алса да, олардың шеңберінен шығып, проблема туындаған кезде басқа теорияларды, ойларды да қолдана білу керек.

Философиялық теориялар

Этикалық дилеммаларды шешу кезінде бұрынғы заман теорияларын бағаламауға болмайды. Мысалы, этика туралы зерттейтін қазіргі заман ғалымдарының еңбектері секілді Аристотель мен Иммануил Кант секілді философтардың теориялары да көмек құралы бола алады. Кейде белгілі бір теория немесе кәсіби кодекс проблеманы шешуге жеткілікті болуы мүмкін. Кей жағдайда түрлі теориялар мен құралдарды біріктіруге тура келеді. Ол, әрине, дилеммаға байланысты. Сондықтан қазірден бастап өз ресурстарыңызды дайындай беру маңызды.

Сократ

Біз Сократтан бастаймыз. Ол Аристотельдің ұстазы болған Платонды оқытқан. Тас қалаушының ұлы Сократ Афинада б.з.д. 469–399 жылдары өмір сүрген. Ол ойлау еркіндігі мен қағидаларды берік ұстану жолына сенген. Сократ өзі ешқандай жазба қалдырмаған, бірақ Платонның Сократпен диалогы бар. Сократ афиналықтарға олардың моральдық өмірін зерттеу арқылы көмектескісі келді. Ол бір сөзінде «Зерттелмеген өмір – өмір сүруге татымайды» деді. Сократ афиналықтарға олардың әрқайсысы өзінің моральдық әрекеттері үшін жауапты екенін, этикаға сай келмейтін әрекеттер надандықтан болатынын жеткізуге тырысты. Кітаптың бөлімдерін оқып отырғанда да осыны есте ұстаған жөн. Жас мамандар шешім қабылдауға қажетті ақпаратты білмегендіктен этикалық дилеммаларға тап болып жатады. Сократ та азаматтардың надандығын жоюды өзінің міндеті санады.

Платон – «Сократтың әдісі» деп аталатын Сократтың ақиқатты іздеу техникасын зерттеген афиналықтардың бірі. Шешен әрі ұстаз әрбір адам өз ойы мен әрекеттерін пайымдап отыру



керектігін көрсетеді. Жұмыс орнында немесе университетте сіздер де өз ойларыңызды толықтыратын пікірдегі немесе этикалық проблемалар кезінде шешім қабылдауға көмектесетін адамды таба аласыздар.

Платон

Платон сабырлық, ерлік пен даналық біріксе, ең жоғары адамгершілік – әділдік туатынын үйретті. Ол кезде әділдік қазіргі мағынасынан да кең ауқымда қолданылды. Ол ең ізгі жақсылық ретінде моральға негізделген «жақсы өмір» мағынасын білдірді. Платон этика ақыл-ой деңгейіне байланысты болады деп есептеді, яғни ақыл-парасаты барлар «Республика» әлемінде философ-билеуші бола алады. Платон «Үңгір аллегориясында» бұқараның кейде қате пікірде болатынын айтады. Бұқаралық медиада істейтін мамандар бұл шығармадағы тұтқындарды Интернетте тараған өсек-аяңға, көргені мен естігенінің барлығына сенетін қоғам ретінде қарастыра алады. Қолына қуыршақ ұстаған адамдар – қоғамды бақылап, оның көңілін көтеретін ақпараттық манипуляторлар. Ал үңгірден тыс өмір – шынайы өмір. Үңгірден шыққан тұтқын – басқа тұтқындардың көзін ашқысы келетін медиа маман, яғни бұқаралық медиа мүшесі болған соң қоғамды ағарту керек, бірақ алдымен өзіңізді тәрбиелеп, шындықты айтуға қажетті ерлікті шыңдау керек.

Аристотельдің ізгілік этикасы

Аристотельге (б.з.д.384–322) Сократ пен Платонның әсері көп болды. Аристотель Афинаға көшіп барып, 20 жыл бойы Платонның академиясында оқыды. Аристотель этикалық шешім қабылдауды өнер (техне) ретінде бағалады. Аристотельдің айтуынша, қайсысын таңдауды білу үшін жағымды қасиеттен бастап әрекет ету керек. Аристотель доктринасын қолдануға бір мысал келтіре кетсек. Сіз жергілікті жаңалықтар қызметінде жұмыс істейсіз делік. Мектеп оқушысының жол апатынан қайтыс болғаны туралы хабар жетті. Редакцияның фотографы, видеооператоры түрлі суреттер мен видеолар түсірді. Онда қансыраған дене, апат орны жан-жақты көрініс тапқан. Әріптестеріңізбен бірге сіз соның ішінен күнделікті басылымға және интернетке жариялау үшін біреуін таңдауыңыз керек. Осы секілді басқа да жағдайларда қосымша ақпаратты пайдалану керек. Осы орайда бензин тасымалдаушы машинаның өртке орануы оқиғасын атасақ.

Vox Populi журналы, 2013 жыл 27 маусым. Алматыдағы бензин тасымалдаушы машинаның өртке оранғаны туралы жазды. 10 автокөлік пен көпқабатты үй жалын құшағында қалды. 27 жасар Александр Горюнов машинада тірідей отқа оранды. Фотосуреттер оқиға орнынан берілді. Осы мәндегі ақпарат пен фотосуреттер барлық қазақстандық БАҚ-та жарияланды. Осы қайғылы оқиға кезінде артқы фонда өртеніп жатқан машина көрінетін видеоселфи түсірген, әлеуметтік желілерге қойған азаматтарды қоғамдық медиа жағымсыз әрекеттерін әшкерелеп жазбады. Үнсіз қалды. Бұл жағдайда әр адамның өз шешімі болады.

Өзіндік жұмыс тапсырмалары

1. Бұқаралық медиада, көпшілікпен байланыс саласында, жарнама, мерзімді басылым мен радиода және онлайн журналистикадағы қандай үрдістерді білесіз?
2. Сандық (digital) технологиялар заманының өзгерістерін атаңыз.
3. Бәсекеге қабілетті ортадағы жас мамандардың этикалық қателіктері туралы не білесіз?
4. Сіздің мәтініңізбен сенсация жасағысы келетін редакторға не айтасыз?
5. PR-клиент баспасөз-хабарламасына өтірік деректер қосқаныңызды немесе кейбір мәліметтерді алып тастағаныңызды қаласа не істейсіз?
6. Редактор материалыңыздағы шындықты өшіріп тастауды талап етсе, не істейсіз?



7. Метаэтикаға терминіне талдау жасаңыз.
8. Нормативті этика нормаларын атаңыз.
9. Қолданбалы этиканың этикалық дилеммаларға қатысты қолданысын сипаттаңыз.
10. Басыңыздан өткен этикалық дилеммалар туралы жайттарды талдаңыз.

Бақылау жұмыстары

1. Платонның Сократпен диалогын сипаттаңыз.
2. Сократтың афиналықтардың моральдық өмірін зерттеуінің мәні неде?
3. Сократтың тәуелсіздік, өз ісіңе жауап беру, әлеуметтік жауапкершілік ұстанымдарына сипаттама беріңіз.
4. Сократтың ақиқатты іздеу техникасына Платонның қосқан үлесіне баға беріңіз.
5. Платонның «Республика» еңбегіндегі утопиялық әлемді талдаңыз.
6. Платонның алғашқы университет саналатын академиясына қандай сипаттама беруге болады?
7. Платонның «Үңгір аллегориясын» символикалық мәнін талдаңыз.
8. Аристотельдің ізгілік этикасына шолу жасаңыз.
9. Аристотельдің этикалық шешімді өнер (техне) деп тануына сипаттама беріңіз.
10. Канттың категориялық императивін талдаңыз.
11. Әл-Фарабидің еңбектеріндегі әлеуметтік-этикалық құндылықтар жүйесіне талдау жасаңыз.
12. Жүсіп Баласұғұнидың этикалық шығармаларындағы құндылықтарды атаңыз.

Дереккөздер

1. <http://www.poynter.org/uncategorized/1758/the-ethical-decision-making-process/>.
2. Plato, Five Dialogues: Euthyphro, Apology, Crito, Meno, Phaedo, translated by G. M. A. Grube / Indianapolis, IN: Hackett, 1981.
3. Aristotle, The Nicomachean Ethics, trans. David Ross, revised by J. L. Ackrill and J. O. Urmson/ New York: Oxford University Press, 1998.